

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Алғыс айту-парызымыз! »

мерекелік іс шара сценарийі



Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

«Алғыс айту-парызым!»

(мерекелік концерттік бағдарлама)

Іс-шараның мақсаты:

Азаматтық қағидаттарға негізделген Қазақстандық бірегейлікті дамыту арқылы Қазақстан халқының бірлігін нығайту. Жас жеткіншектердің ризашылық пен алғыс туралы түсініктерін қалыптастыру. Оқушылардың сыйластық құндылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Жас жеткіншектерді үлкен-кішіге деген сүйіспеншілікке, сыпайылық қарым-қатынасқа, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

(Концерттік бағдарламаның ашылуын білдіретін музыка үні қойылады)

Фанфар: «Шабьт»

Хор:

I жүргізуші

Қайырлы күн құрметті ұстаздар мен оқушылар! 1 Наурыз Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған «Алғыс айту — парызым!» атты мерекелік концертімізге қош келдіңіздер!

II жүргізуші:

Уважаемые гости, дорогие ребята! Мы приветствуем Вас на замечательном празднике «От чистого сердца благодарны вам». От всей души желаем в этот особенный день много радости, веселья и приятных сюрпризов! Пусть этот праздник остается для всех самым любимым праздником!

I жүргізуші: Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 жарлыққа қол қойған болатын. Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен, елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзым белгісі. Қазақ халқы қиын – қыстау заманда олардың басына түскен

ауырпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздің түрлі ұлт өкілдерінің арасында адамгершілік қарым — қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Би: Шабыт би тобы Күй шашу биі

Көркем сөз оқу:

II жүргізуші:

В честь Дня Благодарения слово предоставляется школ директора Жанил Анишовна Орынбаеву.

I жүргізуші:

Бірлігі мен ынтымағы халықтың,
Көгімізде жарқырайды жарық күн,
Ырыс, дәулет, бақыт үшін халықтың,
Жайнай берсін, жайнай берсін жарық күн!

Ән: Асқар Ақынсара

I жүргізуші:

Тұрғанбай Мұхаммедсалих Ерке сылқым күйімен

Алғыс айту күні - Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік ел» жалпыұлттық, патриоттық, идеясының қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздің барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан ассамблеясының күні.

Жер — Анамыз жасайды тарлық кімге?

Кетпеу үшін мәңгілік қалғып түнде.

Қайталанып, жаңарып айтылады,

Бейбітшілік деген сөз барлық тілде

Би: Алиева Инара

II жүргізуші:

Пусть будут руки, солнцем созданные,

Над детством трепетным протянуты,

Как будто вдруг подарки розданы,

Что были к празднику припрятаны!

Пусть будут руки, солнцем пестованные,

По локоть в творчество погружены,

Чтоб стали все пути естественные,

От сердца к сердцу обнаружены...

Би: Лезгинка 7 «В» сынып оқушылары

I жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, сіздерді бүкіл мектеп ұжымы атынан, мектеп оқушыларының атынан көрсеткен қамқорлықтарыңыз бен аялы алақан, жылы лебізіңіз үшін басымызды иіп, рақметімізді айтамыз. Еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға бақыт тілейміз.

II жүргізуші:

Эта земля нас сроднила,
Подарила тепло и уют,
Согрела нас всех, накормила
И многим дала здесь приют.
На сцену приглашаем Би

I жүргізуші:

Осымен « Алғыс айту — парызым!» атты мерекелік кешіміз аяқталды.

II жүргізуші : До новых встреч! Всего доброго

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы Алғыс айту күніне орай өткізілген «Алғыс айту-парызымыз» атты іс-шараның

АНЫҚТАМАСЫ

Оқушылардың жанұяға, ата — анаға, үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынастарын дамыту. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір — бірімен үйлесімді қарым — қатынас жасай білуге үйрету. Елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт — дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу.

2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойды. Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті. Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай — ақ оның ойы мен іс — әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі. Алғыс айту күні – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні. Бұл күн – күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір - біріне құрмет білдіретін күн. Алғыс айту күні – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейрімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні. Күннің халықаралық дәрежесі жоқ, мұны АҚШ және Канада халықтары қараша айының әрбір төртінші бейсенбісінде атап өтеді. Атаулы күн алғаш рет 1621 жылы ағылшындық колонистердің бастамасымен тойланған. Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан губернатор Уильям Брэдфорд қол астындағылардың көңіл - күйін көтеру үшін Алғыс айту күнін белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман - есен өткереді. Рақмет айту күнінің басты нышандарының бірі – түйе тауық. Себебі, ағылшындық колонистер мерекені алғаш тойлағанда орманда атылған төрт түйе тауықты жеген екен. Кейіннен, яғни, 1789 жылы Джордж Вашингтон Рақмет айту күнін «Ұлттық мереке» деп жариялайды. Бұл күні барлық отбасы міндетті түрде дастарқан басына жиналып, туыстарына жақсылық жасауға асығады, жақындарын қуанту үшін түрлі тосын сыйлар ойлап табады. Қаладағы метроларда ерекше үстелдер орнатылып, адамдар ақша, азық – түліктерін қайырымдылыққа әкеліп қояды. XVII ғасырдан келе жатқан әр түрлі киімдерді киген тұрғындар шеруге

шығып, думанды кештер ұйымдастырады. Көптеген адамдар материалдық жағынан толық қамтамасыз етілген болса да, алғыс айта білмегені үшін рухани кедей болып қалып жатады. Алғыс — біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рахмет айтуы. Алғысты сөзбен немесе қимыл, іс - әрекет, заттай сыйлық беру, тіпті жақсы қарым - қатынас түрінде де білдіруге болады. Әркім Алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым - қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. Өзіне жасалған жақсылыққа ризашылық білдіруді алғыс дейміз.

Бүгін мектебімізде педагог ұйымдастырушы Ж.Кукеева және А.Бұзаудың ұйымдастыруымен мектебіміздегі «Алғыс айту-парызымыз!» атты мерекелік концерт болып өтті. 6 «Ә» сынып оқушылары Ж.Әбілқасым, А.Дүйсебаеваның орындауында «Бақыт» ән орындалды. Сонымен қатар 7 «Ә» сынып оқушылары Пернебай Нұрахмет пен Кәрібай Ердәулет поэзия оқылып, 8 сынып оқушыларының орындауында «Түрік биі», 6 «А» сынып оқушылары «Орыс биін» биледі.

Кеш соңында көрермендер Қарақат Әбілдинаның «Алғыс» әнін орындады. Әрдайым жақындарыңыздан жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.

